

Астана қаласы әкімдігінің «Д.Қонаев атындағы № 66 мектеп-лицей»
ШЖҚ МКК
Қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы

Өткізілген орны: 104 кабинет
Өтілген мерзімі: 2022 жыл 12 желтоқсан
Өткізілген уақыты: 12.00

Қатысушылар:

1. Шаханов Қазыбек Берикович - *Қамқоршылық Кеңестің төрағасы*
2. Сарыбаев Ғалиаскар Төлендіұлы - Қамқоршылық Кеңестің мүшесі, ата-ана
3. Ниязова Гулияш Балкеновна - Қамқоршылық Кеңестің мүшесі, ата-ана
4. Жунисбекова Самал Болатовна – Қамқоршылық Кеңестің мүшесі, ата-ана
5. Станова Гүлсім Аманбайқызы – әлеуметтік педагог
6. Бейсекова Толкын Батырбайқызы - хатшы

Күн тәртібінде:

1. Астана қаласы Әкімінің жаңа жылдық шыршасына қатысатын оқушыны ұсыну.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әлеуметтік педагог Станова Гүлсім Аманбайқызы сөз алып, Білім басқармасының 08.12.2022 №107-13-33/1396 бұйрығымен таныстырып, бұйрық негізінде 2022-2023 оқу жылындағы Астана қаласы Әкімінің жаңа жылдық шыршасына жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, ерекше білім алуды қажет ететін балалар, мүгедектер, сондай-ақ оқуда, спортта, шығармашылықта немесе қоғамдық өмірде жетістіктерге жеткен дарынды санаттағы оқушыларды жіберу керектігін жеткізді. Астана қаласы Әкімінің жаңа жылдық шыршасына 6-13 жас аралығында оқушылардың қатысатындығын және жаңа жылдық мереке 2022 жылдың 26 желтоқсан күні Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында сағат 10.00-де өтетіндігін хабардар етті.

Аталған санаттарға сәйкес бірнеше оқушыларды атап өтті. Тұл жетім 2 «Ж» сынып оқушысы Сәбитбек Әлихан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 2 «В» сынып оқушысы Соловьев Лев Алексеевич, 1 «Е» Соловьева София, көпбалалы және аз қамтылған отбасыдан 4 «И» сынып оқушысы Әмірбек Асылбек, 6 «З» сынып оқушысы Кунатай Бакжанар, 4 «И» сынып оқушысы Амандықұлы Нұрислам, 5 «К» сынып оқушысы Дададбаев Салихты атады және осы санатқа сәйкестігін дәлелдейтін құжаттармен таныстырды. Осы оқушылардың ішінен Астана қаласы Әкімінің жаңа жылдық шыршасына 1 оқушыны жіберуді ұсынды.

Қамқоршылық Кеңестің төрағасы Шаханов Қазыбек Берикұлы сөз алып, бұған дейін қала Әкімінің шыршасына қатыспаған оқушыларды қатыстыру қажет екенін жеткізді және алдымен тұл жетім балаларды жіберу маңызды екенін атап өтті.

Қамқоршылық Кеңестің мүшесі Сарыбаев Ғалиаскар Төлендіұлы сөз алып, Қамқоршылық кеңес төрағасы Шаханов Қазыбек Берикұлының сөзін қолдап, тұл жетім 2 «Ж» сынып оқушысы Сәбитбек Әлиханды жіберуді ұсынды. Бұл баланың ата-анасы осы жазда көлік апатынан қайтыс болғанын және баланың көңілін аулау мақсатында жаңа жылдық шыршаға жіберу керектігін жеткізді.

Жиналысқа қатысқан қамқоршылық кеңес мүшелерінің барлығы жоғарыда ұсынылған оқушының Астана қаласы Әкімінің жаңа жылдық шыршасына қатысуын қолдап, келісімін берді.

Шешімі:

1. Астана қаласы әкімінің жаңа жылдық шыршасына тұл жетім 2 «Ж» сынып оқушысы Сәбитбек Әлиханның қатысуы қамтамасыз етілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Әлеуметтік педагог
Хатшы



Қ.Шаханов
Ғ.Т.Сарыбаев
Г.Б.Ниязова
С.Б.Жунисбекова
Г.Станова
Т.Бейсекова